Баспасөз хабарламасы
Астана қ., 17 қараша 2026 жыл

«МұнайТас» СБҚК» ЖШС 2025 жылдың қорытындысы бойынша қатысушыларына рекордтық 5,7 млрд теңге дивиденд төлейді

2026 жылғы 13 қарашада «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өтіп, онда «МұнайТас» СБҚК» ЖШС 2025 жылғы таза пайдасының бір бөлігін қатысушыларының пайдасына 5,7 млрд теңге мөлшерінде бөлу туралы шешім қабылданды. Аталған сома серіктестік 2001 жылы құрылғаннан бері төленетін дивидендтердің рекордтық көрсеткіші болып отыр.

Дивидендтердің рекордтық көлемі «МұнайТас» СБҚК» ЖШС 2025 жылдың қорытындысы бойынша жоғары таза пайдаға қол жеткізуімен байланысты. Бұған мұнай құбыры іске қосылған кезден бастап алғаш рет оның өткізу қабілетінің жобалық қуатынан асатын деңгейде жүктелуі де ықпал етті.

Өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің жоғары болуына технологиялық процестерді оңтайлы ұйымдастыру мен мұнай тасымалдауда озық технологиялық шешімдерді енгізу де ықпал етті. Соның ішінде турбуленттілікке қарсы қоспаны қолдану құбырдың өткізу қабілетін арттырып, оның инфрақұрылымын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

«МұнайТас» СБҚК» ЖШС – «ҚазТрансОйл» АҚ (51%) және CNPC Exploration and Development Company Ltd (49%) бірлескен кәсіпорны. Серіктестік 2001 жылы «Кенқияқ – Атырау» магистральдық мұнай құбырын жобалау, қаржыландыру, салу және пайдалануға беру жобасын іске асыру мақсатында құрылған.

«ҚазТрансОйл» АҚ
баспасөз қызметі